# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 17 қараша №7119-23-00-2/12628 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Құсманова, онайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

**ЖАУАПКЕРЛЕР:**
Ерлан Қыран жеке кәсіпкер
Кәрібайұлы Төлеу жеке кәсіпкер

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қою арызы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер Ерлан Қыран жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Ерлан Қыран жеке кәсіпкері «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 69 911 (алпыс тоғыс мың тоғыз жүз оң бір) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 2 097 (екі мың тоқсан жеті) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер Ерлан Қыран жеке кәсіпкерін мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер Кәрібайұлы Төлеу жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Кәрібайұлы Төлеу жеке кәсіпкері «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 12 100 (оң екі мың бір жүз) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 363 (үш жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер Кәрібайұлы Төлеу жеке кәсіпкерін мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.К.Құсманова

Көшірме дұрыс,

Судья А.К.Құсманова

Анықтама: Шешім заңды күшіне 25 желтоқсан 2023 жылы енді.

Судья А.К.Құсманова

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А.К., 17.11.2025